

«ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫ
Т. РЫСКҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ
ОБРАЗОВАНИЯ РАЙОНА
Т. РЫСКУЛОВА УПРАВЛЕНИЕ
ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА
ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ

Т. Рысқұлов ауданы,
Қулан ауылы, Жібек жолы көшесі 76
тел.:2-14-10. E-mail: abb.kulan1@yandex.kz

Район Т. Рыскулова,
село Кулан, улица Жибек жолы 76
тел.:2-14-10. E-mail: abb.kulan1@yandex.kz

16.09.2026 № 20-02-1775

**Т.Рысқұлов ауданының білім
бөліміне қарасты білім беру
ұйымдарының директорларына**

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының оқу-әдістемелік орталығының 15.09.2026 жылғы №01-03/932 санды шығыс хатына сәйкес хабарлайды.

2026 жылдың 22 қазан күні Дина Нұрпейісованың 165 жылдығына, Ахмет Жұбановтың 120 жылдығына, Ермек Серкебаевтың 100 жылдығына орай «Үздік бейнесабак» атты байқаудың сырттай аудандық кезеңі өткізіледі.

Осыған орай, аталған байқаудың Ережесіне сәйкес жалпы орта мектептің музыка пәні мұғалімдерінің қатысуын қамтамасыз етулеріңізді сұрайды.

Ескерту! Байқаудың ережесі электронды пошталарыңызға жіберілді. Мерзімінен кешіктірілген сұраныстар қабылданбайды.

Қосымша: 3 бет

**Білім бөлімінің
басшысының м.а.**



А.Беделбаев

Орындаған: Н.Дархамбекова
Тел: 87028862370

**Дина Нұрпейісованың 165 жылдығына,
Ахмет Жұбановтың 120 жылдығына,
Ермек Серкебаевтың 100 жылдығына орай
музыка пәні бойынша «Үздік бейнесабак» аудандық сырттай байқауының
ЕРЕЖЕСІ**

1. Жалпы ережелер

- 1.1. Осы ереже аудандық «Үздік бейнесабак» сырттай байқауының (бұдан әрі - Байқау) тәртібі мен шарттарын белгілейді.
- 1.2. Байқаудың мақсаты – аудандағы білікті педагогтерді анықтау, қолдау және шығармашылық потенциалын ашу, озық педагогикалық тәжірибелерді жинақтау, тарату.
- 1.3. Міндеттері:
 - аудандағы білім берудің үздік бейнесабактар қорын құру;
 - педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру;
 - білім беру-тәрбие процесін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді жетілдіру;
 - озық педагогикалық тәжірибені анықтау және тарату;
 - жасанды интеллект, заманауи инновациялық білім беру технологияларын енгізу және тарату;
 - оқытудың жаңа тәсілдерін қолдану бағытында педагогтердің кәсіби шеберліктерін бағалау.
- 1.4. Байқауды Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі ұйымдастырады. Ұйымдастырушы комитетіне келесідей жұмыстар жүктеледі:
 - Байқауды ұйымдастыру және сараптау комиссияларын тағайындайды;
 - Байқауға ұсынылған сұраныстарды және материалдарды қабылдайды;
 - Байқаудың өткізу уақыты мен ережесін дайындайды;
 - Байқау қорытындыларын рәсімдейді.
- 1.5. Пән бойынша байқау қорытындысын шығару сараптау комиссиясына жүктеледі.

2. Байқау кезеңдері

2.1. Байқау 2 кезеңде өткізіледі:

I кезең аудандық, 2026 жылдың 22 қазан күні өткізіледі;

II кезең облыстық, 2026 жылдың 29 қазан күні өткізіледі.

2.2. Байқауға білім беру ұйымдарының музыка пәнінің педагогтері қатыса алады.

2.3. Байқаудың аудандық кезеңіне 5-6 сыныптар арасынан 1 үздік деп танылған бейнесабак жоспарларымен ұсынылуы тиіс.

2.4. Байқауға қатысушылардың сұраныстарын ұйымдастыру комитетіне *2026 жылдың 20 қазан күніне дейін* аудандық білім бөлімінің әдіскері Н.Дархамбекованың **abb_nazgulim@mail.ru** электронды поштасына жолдануы қажет.

3. Байқау жұмыстары төмендегі критерийлер бойынша бағаланады:

3.1. Мазмұнының тереңдігі, сабак жоспарымен сәйкестігі.

3.2. Ғылыми және әдістемелік құндылығы.

3.3. Жаңашылдығы, әлеуметтік маңызы.

3.4. Мұғалімнің оқушылармен өзара қарым-қатынас жасай білуі, шеберлігі.

3.5. Сабактың дидактикалық жабдықталуы және қолданылған ресурстар.

3.6. Қауіпсіздік техникасы.

4. Байқауға ұсынылатын жұмыстардың талаптары.

4.1. Сабак жоспары электронды түрде (Word форматында) ұсынылады.

4.2. Бейнесабактың техникалық сипаттамасы:

- *бейнесабактың ұзақтығы – 15 минуттан аспауы тиіс;*
- форматы: HD (1280x720) бастап Full HD (1920x1080) дейін.

5. Жеңімпаздарды марапаттау тәртібі.

5.1. Байқау қорытындысы бойынша жеңімпаздар анықталады.

5.2. Байқаудың жеңімпаздары I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады.

-----орта мектебінен
«Үздік бейнесабак» аудандық сырттай байқауына
СҰРАНЫС

Байқауға ұсынылатын материалдар туралы мәлімет		
1	Сабактың тақырыбы	
2	Сыныбы	
3	Өткізу тілі	
Қатысушы туралы мәлімет		
4	Т.А.Ә.	
5	Білімі	
6	Ғылыми атағы	
7	Біліктілік санаты	
8	Педагогикалық өтілі	
9	Жұмыс орны	
10	Лауазымы	
11	Мекен - жайы	
12	Байланыс телефоны	
13	E-mail	

Мектеп директоры